

# МЫЛТЫҚСЫЗ МАЙДАН

Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында 90 жасқа толып отырған қарт ана - **Зайтуна Сабырқызы Ғазизова:** «Аш құрсақ жүрген, ұйқысыз, күлкісіз өткен сол күндерді қалай ұмытарсың. Тыл дегенің мылтықсыз майдан еді ғой, - деп есіне алады сол күндерді. - 40-шы жылдардың басында Қарсақбай зооветеринарлық бөлімі мені Байқоңырдан 100-200 шақырымдай колхозға жіберді. 1942 жылы Жетіқоңыр құмдарында Қызыл жыңғыл қыстауында қақаған аяздарда жылы қорасыз, жемшөптің тапшылығына қарамастан мал басын қыстан аман алып қалуды ұйымдастырдық. Жолсыз, байланыссыз, жырақтағы колхоздарға түйемен, өгізбен жететінбіз, сыз басқан жертелелерде тұрдық, кей уақыттарда мал қорада ұйықтайтын кездер де болды. Малшылардың, шопандардың, бақташылардың ерен еңбектерінің арқасында «Бәрі майдан үшін!», «Бәрі Жеңіс үшін!»- деген ұранмен малды қатыгез қыстан шығынсыз алып шықтық. Майдандағы жауынгерлерге арнап колхоздың егін, мал шаруашылығынан жинаған өнімдерінен қолдан ірімшік жасадық. Қолдарына биялай, шұлық тоқыдық. Біз бұл істерді абыроймен орындап отырдық.



Қарт ана өзімен бірге тылда жұмыс істеген үзеңгілес

достары - колхоз бастығы Алиман Дауылбаева, Орынша Жедебаева, Інжу Қараева, Құндыз Құлмұрзинова, Жібек Аққошқарованы, Игібай, Досжан, Күзенбай тәрізді ағаларды сағынышпен еске алады. Бұл кісілердің бәрі тыным таппай еңбек етіп, жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосқан тыл ардагерлері болатын.

- Күйеуім Хамзабек Боранбаев майданнан ауыр жараланып қайтты. Ол кісіні күту керек болды. Күйеуім жаралы болып оралған соң да жұмыстан қалғаным жоқ, - дейді Зоя апа.

Қарт ананың еліне сіңірген еңбегі еленіп, колхоздың қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және нығайту жөнінде үздік табысқа жеткені үшін 1943 жылы 21-ші қарашада Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумының грамотасымен, «Жеңістің 50 жылдығы» медалімен марапатталған. Халқына қолынан келгенінше еңбек сіңірген, ауыл шаруашылығына сүбелі үлес қосқан қарт ана бүгінде төккен терінің зейнетін көруде. Екі қыз өсіріп, немере сүйіп отыр.

**Сәбира ӨТКЕЛОВА,**  
қалалық тарихи-археологиялық  
музейдің қызметкері.